

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы
Түрік Республикасы Үкіметінің Бағдарламаларды үйлестіру кеңсесінің қызметі туралы
келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы. 2002 жылғы 14 қараша N 355-II

Астанада 2002 жылғы 19 наурызда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Түрік Республикасы Үкіметінің Бағдарламаларды үйлестіру кеңсесінің қызметі туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік
Республикасының Үкіметі арасындағы Түрік
Республикасы Үкіметінің Бағдарламаларды
үйлестіру кеңсесінің қызметі туралы
Келісім**

(2004 жылғы 27 ақпанда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі (бұдан әрі **Т а р а п т а р** деп аталатын),
екі мемлекет арасындағы достық байланыстарға негізделі отырып,
екі мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік ынтымақтастығын дамыту мақсатында, техникалық әріптестік ынтымақтастығы жолымен қатынастарды тереңдетуге **т і л е к** білдіре отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар өз мемлекеттерінің экономикалық және әлеуметтік дамуына жәрдем көрсету мақсатында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2. Осы Келісім Тараптар арасындағы техникалық ынтымақтастықты жүзеге асырудың жалпы ережелерін айқындайды. Тараптар техникалық ынтымақтастықтың жекелеген жобалары бойынша (бұдан әрі "жобалық келісімдер" деп аталатын) қосымша келісімдер жасасуы мүмкін. Жобалық келісімдерде, атап айтқанда, жобаның мақсатын, Тараптардың міндеттемелерін, қатысушылардың міндеттері мен ұйымдық мәртебесін, сондай-ақ жобаның орындалу кестесі қамтылған бірлескен тұжырымдама **т і р к е л е д і .**

3. Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрілігі,

Түрік Тарапынан - Түрік Республикасы Үкіметінің Бағдарламаларды үйлестіру кеңсесі (БҮК), осы Келісім шеңберінде әзірленетін ынтымақтастық бағдарламасын үйлестіреді.

4. БҮК Түркия ішінде, әрі одан тысқары жерлерде де икемді құрылымы мен үйлестірушілік жұмысы арқасында техникалық көмек процестерін ұтқыр басқаратын, Түрік Республикасы Үкіметінің желісі бойынша жұмыс істейтін дербес ұйым болып табылады. БҮК-тің негізгі мақсаты - дамушы елдерге көмектесу. БҮК міндеттеріне экономика, технология, инфрақұрылым, мәдениет және білім салаларында жоғарыда аталған елдермен ынтымақтастықты дамытуда бағдарламалар мен жобалар әзірлеу, сондай-ақ дамушы елдерге көмек көрсету процестерін басқару кіреді.

2-бап

1. Жобалық келісімдер мына салаларда БҮК көмегімен түрік Тарапынан қолдауды көздеуі мүмкін:

а) Қазақстандағы оқу, консультациялық, ғылыми-зерттеу және өзге де бағдарламалар;

б) жоспарлар, ізденістер және сараптамалар әзірлеу;

в) Тараптармен келісілетін ынтымақтастықтың басқа салалары.

2. Қолдау:

а) мамандарды, нұсқаушыларды, консультанттарды, көмекшілерді және қосалқы қызметкерлерді іссапарға жіберу (Қазақстан Республикасына түрік Тарапының тапсырмасы бойынша іссапарға жіберілетін барлық персонал (бұдан әрі "іссапарға жіберілген мамандар") деп аталады);

б) материалдар (оқу, әдістемелік, бағдарламалық және басқалары) және құрал-жабдық жеткізу (бұдан әрі "материалдар" деп аталады);

в) Қазақстан Республикасының мамандарын және басшы кадрларын, сондай-ақ ғалымдарын даярлау және біліктілігін арттыру;

г) Тараптардың келісуі бойынша басқа да тәсілдер жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Іссапарға жіберілген мамандар өз қызметін осы Келісімге және Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын болады.

3-бап

Түрік Тарапы осы Келісім ережелеріне сәйкес:

а) БҮК жұмысы үшін қажетті дербес компьютерлермен және басқа да құрал-жабдықпен жаратқандыратын;

- б) қазақстандық қызметкерлерді қоса алғанда, БҮК қызметкерлерін іріктеуді жүзеге асыратын, жұмыспен және жалақыларының уақытылы берілуін қамтамасыз ететін;
- в) БҮК-ті қажетті көлікпен қамтамасыз ететін;
- г) өтемақы және шығыстарды төлейтін;
- д) техникалық көмек жобалары мен білім беру бағдарламаларын қаржыландыратын;
- е) көрсетілген көмекті үйлестіру мақсатында сарапшылар жіберуді және оларға жалақы төлеуді жүзеге асыратын болады.

4-бап

Қазақстан Тарапы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

- а) мемлекеттік құпияға жататын мәліметтерді қоспағанда, іссапарға жіберілген мамандарды жобаларды айқындау, жоспарлау және жүзеге асыру кезеңінде қызметтерін жүзеге асыруға қажетті деректермен қамтамасыз ететін;
- б) Қазақстандағы қызметі кезеңінде іссапарға жіберілген мамандардың жұмысы мен демалысы үшін жағдайлар жасауға ықпал ететін болады.

5-бап

Түрік Республикасының Үкіметі БҮК үйлестірушісіне дипломатиялық агент мәртебесін, ал Қазақстан Республикасының Үкіметі оған осы мәртебеге сәйкес артықшылықтар мен иммунитеттер береді.

6-бап

Әрбір Тарап жобаларды айқындау және әзірлеу мақсатында мына салаларда жұмысқа мамандар жібереді:

- а) инфрақұрылым (көлік, телекоммуникациялық жүйелер және басқалары);
- б) жекешелендіру және жекешелендіруден кейінгі қолдау бағдарламасы;
- в) ирригация жүйесі;
- г) ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу;
- д) өнеркәсіп орындарын және қондырғыларды оңалту;
- ж) өсімдік шаруашылығымен және мал шаруашылығымен байланысы бар өнеркәсіп салаларындағы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту;
- з) туризм;
- и) денсаулық сақтау;
- к) қоршаған ортаны қорғау;
- л) ғылыми және мәдени ынтымақтастық;
- м) Тараптармен келісілетін өзге де салалар.

7-бап

Осы Келісім оның күшіне ену кезінде іске асырылып жатқан Тараптар арасындағы техникалық ынтымақтастық жобаларына қатысты да қолданады.

8-бап

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім бес жыл бойы күшінде болады, содан кейін, егер Тараптардың бірде-бірі осы Келісім күшінде болатын кезекті мерзім өткенге дейін ең кем дегенде үш ай бұрын оның күшін тоқтату ниеті туралы басқа Тарапты жазбаша нысанда хабардар етпесе, осы Келісімнің күшінде болатын мерзімі жыл сайын өздігінен ұзартылатын болады.

3. Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады.

4. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар және келіспеушіліктер өзара консультациялар және келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Астана қаласында, 2002 жылғы 19 наурызда әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісім ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Түрік Республикасының

Үкіметі үшін